



**КЕЛДСЕМІН**

Қәсіподак комитетінің  
төрағасы

**T.E.Оразов**

**БЕКІТЕМІН**

Мектеп директоры

**Б.Н.Усманов**



Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты  
«Сағадат Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2024 жылдың 29 тамыз күні өткен №1 педагогикалық кеңес отырысының шешімімен бекітілді.

**Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты**  
**«Сағадат Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі»**  
**шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының**  
**МЕКТЕПШІЛІК ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ**

**I.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**1.1.** Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық Кәсіпорнының ішкі тәртіп Ережесі (ары қарай Ереже) Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Азаттық Кодексі, Қазақстан Республикасы «Білім туралы», «Неке және отбасы туралы», «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Зандары мен Қазақстан Республикасының «Еңбек Кодексі», Қазақстан Республикасының «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы», Қазақстан Республикасының Кодексі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы», Қазақстан Республикасы Укіметінің «Тиісті үлгідегі білім беру үйимдары туралы ережесін бекіту туралы» Қаулылары, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 28 тамыздағы № 227 бүйрекі, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-1) тармақшасына және «С.Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Жарғысы талаптарына сәйкес жасалынған.

**1.2.** Ереже «С.Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жүзеге асырылатын білім мен тәрбие беру процесі барысында мектеп басшылығы мен мұғалімдердің, мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарының Қазақстан Республикасының жоғарыда көрсетілген Зандары мен басқа да заңдылықтары талаптарына сәйкес мектеп ішіндегі тәртіпке қатысты міндеттерін айқындауды және ол міндеттерінің орындалу жолдарын белгілейді.

**1.3.** Осы Ереже жобасы «С.Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны оқушыларының сынып, ата-аналар, мектеп мұғалімдері жиналышында алдын-ала талқыланып, тиісті өзгерістермен толықтырулар енгізіліп, мекеменің педагогикалық кеңесімен жалпы кәсіпорын ата-аналар комитетінің және кәсіподак комитетінің бірлескен отырысының шешімімен бекітілгендейді, Ереже талаптары кәсіпорын басшылығы мен мұғалімдері, мектеп оқушылары мен олардың ата-аналары үшін орындалуға міндетті болып табылады.

**1.4.** Кәсіпорын басшылығы мен мұғалімдері, оқушылар мен ата-аналары тараپынан Ереженің қандайда болсын талаптарының бұзылуы жоғарыда келтірілген Қазақстан Республикасының Зандары мен заңдылықтары талаптарын бұзу болып табылады және заң бұзушылық ретінде шара қолдану үшін тиісті құзырлы мемлекеттік органдар қарауына ұсынылатын болады.

**1.5.** Осы Ереже «С.Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жаңа ішкі тәртіп ережесі қабылданғанға дейін күшінде болады.

## **II. МЕКТЕПТІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНІҢ ҮЙЛЕСТИРІЛУІ**

**2.1.** Мектептің жұмыс тәртібі мектеп директорымен бекітілетін ішкі еңбек тәртібімен, жұмыс аптасының ұзақтығы – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-в Еңбек кодексімен анықталады.

**2.2.** Окүшыларға сабактан кейін, демалыс және мереке күндері, егер білім беру үрдісіне қатысты болмаса, мектепке келуге тыбым салынады.

**2.3.** Сабактар мектеп директорымен бекітілген және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларымен реттеліп отыратын сабак кестесіне сәйкес өткізіледі. Академиялық сағаттың ұзақтығы 45 минут. Сабактар арасындағы үзіліс 5-10 минуттан кем емес.

**2.4.** Мектептің ішкі тәртіптің ережесі **2024 жылдың 02 қыркүйегінен** бастап күшіне енеді, еңбек тәртібі бойынша мектеп екі ауысымда жұмыс істейді:

I – ауысым – 8.00-13.50-ге дейін;

II – ауысым – 14.00-19.50-ге дейін;

**2.5.** Мектептің ішкі тәртібіне байланысты мәселелер мектептің кәсіподак ұйымымен бірге шешіледі.

**2.6.** Білім беру үрдісінің жалпы ұзақтығы, оның ішінде оқу жүктемесінің нормасы, оқу күнінің тәртібі мектептің білім беру қызметінің Ережелерімен реттеледі. Оқу жүктемесі және оқу күнінің ұзақтығы Санитарлық ережелермен белгіленген «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес болуы тиіс (*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 тамызда № 23890 болып тіркелді*)

**2.7.** Белгілі бір оқу жылындағы оқу аптасы мен демалыс мерзімі жоғары тұрған ұйымдардың бұйрығы негізінде жыл сайын оқу жылының басталуы туралы бұйрығымен белгіленеді.

## **III. КӘСІПОРЫН БАСШЫЛЫҒЫ МЕН МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫГЫ**

**3.1.** Кәсіби қызметтің жағдайларын жасай отырып, педагогикалық қызметпен айналысуға;

**3.2.** Үйліми зерттеу, тәжірибе-эксперимент жұмысымен айналысуға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологиялар енгізуге;

**3.3.** Білім беру деңгейіне сәйкес келетін мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының талаптарын сақтау шартымен педагогикалық қызметті ұйымдастырудың әдістері мен түрлерін еркін тандауга;

**3.4.** Атқаратын лауазымына және мамандығына сәйкес Кәсіпорынның қызметіне қатысуға;

**3.5.** Кәсіпорынның қызметіне байланысты мәселелерді еңбек ұжымымен бірге талқылауга;

**3.6.** Санатын арттыру, қызметтік өсу мақсатында біліктілігін арттыруға және мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтуге;

**3.7.** Өзінің кәсіби абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

**3.8.** Біліктілік санатына және штаттық кестесіне сәйкес кепілдендірілген жалақысын алуға;

**3.9.** Педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар және атаулы степендиялар түрінде моральдық және материалдық көтермеленуге;

**3.10.** Кәсіпорын әкімшілігі бұйрықтар мен әкімдеріне шағымдануға;

**3.11.** Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, сондай-ақ жалпы орта білім беру саласына қатысты өзге де нормативтік құқықтық актілер мен регламенттелетін басқа да құқықтарға құқығы бар.

## **IV. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ**

**4.1.** Кәсіпорынның Жарғысын, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, лауазымдық нұсқаулықтарын, қауіпсіздік техникасы ережелері және локалдық актілерін орындауға;

**4.2.** ҚР-ның заңнамасында айқындалған тәртіппен өз функцияларын орындауға жеке жауапкершілік арттыруға;

**4.3.** Көрсететін білім қызметінің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес қамтамасыз өтуге;

**4.4.** Өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімге және оқыту дағдыларына ие болуға;

**4.5.** Оқыту сабактарына мұқият дайындалуға, біліктілігін арттыруға;

- 4.6.**Кемінде 5 жылда бір рет тиісті санатқа аттестаттаудан өтүге. Эрбір бес жылдан кейін біліктілік санатын растауға;
- 4.7.**Оқушыларды адамгершілік рухында, ата-аналарын сыйлауға, этномәдени күндылықтарды, қоршаған ортаны ықыласпен қорғауға, тәрбиелеуге;
- 4.8.**Оқушылардың өмірлік дағдыларын, құзыретін өздігінен жұмыс істеуін шығармашылық қабілетін дамытуға;
- 4.9.**Өзінің кесіптік шеберлігін зияткерлік шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға;
- 4.10.**Оқушылардың жеке және шығармашылық қабілеттіліктерін анықтауға және дамытуға жәрдемдесуге;
- 4.11.**Оқу күжаттамасын жүргізуге, бақылау жұмыстары есептерін талдауларына, уақытылы тапсыруға;
- 4.12.**Медициналық тексеруден өтүге;
- 4.13.**Салауатты өмір салтын ұстануға және оны оқушылардың арасында насиҳаттауға;
- 4.14.**Оқушылардың, олардың ата-аналарының ар-намысын және қадір-қасиетін сыйлауға;
- 4.15.**Педагогика әдебі нормаларын сақтауға міндettі;
- 4.16.**Міндettін және педагогика әдебін бұзғаны үшін педагог қызметкер КР заңнамасында және еңбек шартында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін;
- 4.17.**Педагог қызметкерлерді Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда олардың кәсіби міндettterін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.
- 4.18.**Кәсіпорында жұмыс істеуге сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен педагогикалық қызметке тыйым салынған адамдар, сондай ақ КР заңнамасында белгіленген тәртіппен сottылығы өтелмеген немесе алынбаған сottылығы бар адамдар жіберілмейді.
- 4.19.**Педагог қызметкерлерге оқыту үрдісін саяси үгіттеу, діни насиҳаттау немесе оқушылардың КР-ның заңдарына және Конституциясына қайшы келетін әрекеттерге баруына тиек болу мақсатында пайдалануға тыйым салынады;
- 4.20.**Мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (*крест, тәспі, айшиқ, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар және т.б.*) әкелмеуге және діни тұрғыдағы киімдерді (*бас киім, орамал, кимешек, хиджаб, некап, паранджа, ряса, митра, ермолка, т.б.*) кимеуге, пайдаланбауға, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насиҳаттамауга;
- 4.21.**Мектепке нашақорлық тұрғыдағы заттарды (*темекі, насыбай, есірткі заттар, т.б.*) әкелмеуге, пайдаланбауға, өзге азаматтарға соның ішінде тәрбие алушыларға насиҳаттамауга;
- 4.22.**Мектептің ішінде ұлт аралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауга;
- 4.23.**Мектепте іскерлік киім үлгісін ұстануға;
- 4.24.**Мінезі ауыр оқушылармен тұрақты жеке жұмыстарды ұйымдастыруға міндettі;
- 4.25.**Мектеп оқушыларының күнделікті сабакқа қатысуын бақылауға;
- 4.26.**«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге карсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 сәйкес кәсіпорын әкімшілігі және кезекші мұғалімдер мектеп ғимараттары мен аумағында балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында бөгде адамдарды кіргізбеуге міндettі.
- 4.27.**Кезекші мұғалім жауапты:
- 4.27.1.**мектеп ауласына, жол бойынша кезекшілігіне;
- 4.27.2.** қоңыраудың уақытылы соғылуына;
- 4.27.3.**мектеп ішінде тәртіптің орындалуына;
- 4.27.4.**қабаттардағы кезекшіліктерге;
- 4.28.**Педагог қызметкерлерге және мектептің қосымша қызметкерлеріне тыйым салынады:
- 4.28.1.**Сабак кестесін езгертуге;
- 4.28.2.** Сабактың өту уақытын қыскартуға, өзгертуге;
- 4.28.3.** Оқушыларды мұғалімсіз кабинетте жалғыз қалдыруға;
- 4.28.4.** Сабактан оқушыларды себепсіз шығаруға;
- 4.28.5.**Әріптестерін функционалдық міндettterінен алаңдатуға;

- 4.28.6. Оқушыларға педагогикалық шараларға қарсы ықпал қолдануға;
- 4.28.7. Ұялы телефондарды сабакта ретсіз қолдануға тыйым салынады;
- 4.28.8. Ата-аналар және оқушылардан ақшалай қаржы жинауға тыйым салынады;
- 4.29.9. Сынып жетекшісі сынып оқушыларының асханада тамақтануын және асханадағы тәртіпті сактаудың қадағалау;
- 4.30. Мектепшілік тәртіп бірыңғай болып табылады және педагогикалық қызметкерлер бұл тәртіпті орындауға міндетті.

## **V. ЖҰМЫСТАҒЫ ТАБЫСТАР ҮШІН КӨТЕРМЕЛЕУ**

- 5.1. Еңбек міндеттерін үлгілі орындаған, балаларды оқытуда және тәрбиелеудегі жетістіктер, ұзаққа созылған және мінсіз жұмысы, еңбектегі жаңашылдық пен жұмыстағы басқа да жетістіктер үшін мына көтермелеулер қолданылады:
- 5.1.1. Мектеп директорының, қалалық білім басқармасының, қосымша оқу салалық орталығының және Оқу-ағарту министрлігі бойынша алғыс жариялау;
- 5.1.2. Еңбекке ынталандыруға көтермелеу шараларын қолдануда материалдық және моральдық жағдайлар қамтамасыз етіледі.

## **VI. ЕҢБЕК ТӘРТІБІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК**

- 6.1. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін мектеп әкімшілігі КР «Еңбек Кодексіне» сәйкес келесі тәртіптік жазаларды қолданады:
  - 1) ескерту;
  - 2) сөгіс;
  - 3) қатан сөгіс;
  - 4) келісімшартын бұзу.
- 6.2. Еңбек тәртібінің ережесін бұзғандар жауапқа тартылады.

## **VII. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

- 7.1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға, өзінің адами қасиетін, денсаулығын сактауға, намысын, еркіндігін қорғауға, алу еркіндігіне, өзіндік ой-пікірлерін білдіруге;
- 7.2. Оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға, өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес ақылы негізде қосымша білім беру қызметтерін алуға, ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;
- 7.3. Кәсіпорынды басқаруға қатысуға, бір оқу орнынан екінші оқу орнына қайта алынуға және ауысуға;
- 7.4. Кәсіпорынның спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын, кітапханасын тегін пайдалануға, кәсіпорынның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім аясын кеңейтуге, белсенділік танытуға, сынып жетекшісіне, мұғалімдерге өзінің қызындықтары туралы хабарлап, олардан көмек, түсінік жауап алуға;
- 7.5. Кәсіпорын жұмысына қатысты пікірлерін ашық білдіруге, мектеп заңдарын, ережелерді, жарғыларды құрастыруға қатысуға;
- 7.6. Өз қабілеті мен мүмкіндігін таныту арқылы кәсіпорын атынан сайыстарға, байқауларға, жарыстарға және мәдени іс-шараларға қатысуға;
- 7.7. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы төмен оқушылардың материалдық көмек алуға құқығы бар.
- 7.8. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес кез-келген басқа ақпаратты алуға, окудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеу және сыйақы алуға құқығы бар.

## **VIII. ОҚУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРИ**

- 8.1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдыларды және біліктіліктерді игеруге;
- 8.2. Ишкі тәртіп ережелерін сактауға, Жарғыда және ақылы білім қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;
- 8.3. Өз денсаулығын күтуге, өзін рухани және жеке өздігінен жетілдіруге үмтүлуға;

- 8.4.**Басқа оқушылардың, кәсіпорынның педагог қызметкерлері мен басқа да қызметкерлерінің ар-намысын сыйлау, зомбылыққа жол бермеуге, оку орны дәстүрлерін құрметтеуге;
- 8.5.**Сабакты себепсіз жіберіп алмай, адал оқуға;
- 8.6.**Кәсіпорынның мүлкіне және техникалық оқыту құралдарына ұқыптылықпен қарауға қажет болған жағдайда сыныптық жиһазға ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізуге, ал мулікті бүлдірген жағдайда ата-аналарымен (занды өкілдерімен) бірлесіп келтірілген залалды өтеуге;
- 8.7.**Кәсіпорын қызметкерлерінің Жарғыда және ішкі тәртіп ережесімен олардың құзыretіне жатқызған болігіндегі талаптарын орындауға;
- 8.8.**Сабак үстінде және сабактан тыс уақытта (экскурсия, серуен) қауіпсіздік техника ережелерін сақтауға;
- 8.9.** Ата-аналарды, занды өкілдерді үлгерімі, тәртібі, сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру туралы үнемі хабардар етуге;
- 8.10.**Мектеп мүлкін сақтауға; окулықты және оқу құралдарын, құрал-жабдықты (музыкалық аспаптарды, техникалық оқу құралдарын) ұқыптылықпен қолдануға, оқу орнында тазалықты сақтауға;
- 8.11.**Басқа оқушылардың, кәсіпорынның педагог қызметкерлері мен басқа да қызметкерлерінің ар-намысын сыйлау, зомбылыққа жол бермеуге, оку орны дәстүрлерін құрметтеуге;
- 8.12.**Кәсіпорында белгіленген мектептің бірыңғай киім үлгісін, сондай-ақ дene шынықтыру сабактарында спорттық формасын сақтауға міндettі;
- 8.13.**ҚР мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарап, Әнұранды және мектеп әнұранын орындауға міндettі;
- 8.14.** «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 8.15.**Кәсіпорынға нашақорлық тұрғыдағы заттарды (*темекі, насыбай, есірткі заттар*) әкелмеуге, пайдаланбауға;
- 8.16.** Кәсіпорынға өткір, үшкір, сұық қаруларды (*пышак, қанжар, костюм т.б*) ату құралдарын (*мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б*) әкелмеуге және пайдаланбауға;
- 8.17.** Кәсіпорынның ішінде ұлтаралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауға, өзгені кемсітпеуге;
- 8.18.** Кәсіпорынға аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (*сақина, сырға, білезік, моншақ т.б*) әкелмеуге және пайдаланбауға;
- 8.19.** Кәсіпорынға діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (*крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар т.б*) және киімдерді (*хиджаб, кимешек, некап, паранжса, ряса, митра, ермолка т.б*) әкелмеуге, пайдаланбауға, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насиҳаттамауға ;
- 8.20.** «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қантардағы №26 «Орта білім беру ұйымдарында міндettі мектеп формасына қойылатын талаптарына» негізделген:
- 8.20.1.**Ер балаларға мектеп формасы: қара кек түсті пиджак, жилет, шалбар, классикалық жейде, мерекелік ақ түсті көйлек, күнделікті киетін ақ түсті көйлек (қысқы кезеңде: трикотаж жилет, ақ түсті водолазка бас киімсіз) Ер балаларға арналған шалбардың ұзындығы тобықты жауып кең пішіледі. Ұл балдардың шаштары қысқа үлгіде қысқартылған.
- 8.20.2.**Қыз балаларға мектеп формасы: ақ түсті блузка, қара немесе қара кек түсті пиджак, жилет, классикалық белдемше, классикалық үлгідегі жейде ( қысқы кезеңде: трикотаж жилет, сарафан, водолазка) қыздарға арналған белдемше оғистік стильде, тізден келетін, 70-75 см) бас киімсіз. Қыз балаларға арналған шалбардың ұзындығы тобықты жауып кең пішіледі. Қыздардың шаштары қыстырылған (резина) жиналған болуы міндettі.
- 8.21. Бірыңғай мектеп формасы жағдайында мыналарға жол берілмейді:**
- 8.21.1.**өкшесі 4,5 см биік аяқ киім киүгө;
- 8.21.2.** ашық киім киүгө (ішін, белін, кеудесін жаппайтын);
- 8.21.3.**боянуға, маникюр, татуировка, пирсинг жасауға;
- 8.21.4.**шашын жайып жүруге, көзіне түсетін кекіл қоюға, шашын түрлі-түсті түске бояуға;
- 8.21.5.**ұлдарға шаштарын өруге, мұрт және сақал өсіруге.
- 8.21.6.**Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киүгө қатаң тыйым салынады.

- 8.22.** Сыртқы келбетіне және мектеп формасына қойылатын талаптар сақталмаған жағдайда тәрбие орынбасары мен сынып жетекшісі окушыны заңды өкілімен бірге сыртқы келбетін тәртіпке келтіру үшін профилактикалық кеңес отырысына шақырып, шешім қабылдайды.
- 8.23.** Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды, соның ішінде бас киімге қатысты діни атриуттарды (крест, хиджаб, никаб, паранжа, чадра, ермолка, орамал, тюрбан, иудей-кипа бас киімдері, бурка және т.б.) киуге болмайды.
- 8.25. Білім алушыларға тыйым салынады:**
- 8.24.1.** Кәсіпорынға (*қару, спирт ішімдіктерін, темекі бұйымдарын, улы және есірткі құралдары мен т.б.*) жарылысқа және өртке қауіпті кез келген заттарды әкелуге, беруге және пайдалануға;
- 8.24.2.** Айналасындағылар үшін қауіпті, зардаптарға әкеп соғатын кез келген іс әрекеттер жасауға (*қарым-қатынасты анықтау үшін қорқытып алу үшін дене күшін қолдануга, қорқыту, бопсалау, ұлттық, наследік және діни араздықты тұмандыру бағытқа насихаттайтын әдебиеттерді көрсетуге*);
- 8.24.3.** Ұялы телефон қолданудың ережесін қатаң сақтауға, телефонды оқу үдеріс кезінде ережеге сай мұғалім үстелінің үстіндегі каробкаға салуға, мұғалімнің рұқсатынсыз пайдаланбауға міндетті және үзіліс кезінде мектеп ішінде ұялы телефонды қолда ұстап жүруге, сөйлесуге қатаң тыйым салынады.
- 8.24.4.** Оқу-тәрбие үдеріс кезінде мекеме әкімшілігінің және сынып жетекшінің келісімінсіз кетпеуге;
- 8.24.5.** Сабакқа кешікпеуге, кезекші әкімшінің, сынып жетекшісінің немесе мейірбикенің рұқсатынсыз сабактан шықпауға, үзіліс кезінде мектеп аумағынан шықпауға;
- 8.24.5.** Мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз бөтен адамдарды ертіп келуге немесе шақыруға;
- 8.24.6.** Кәмелеттік жасқа толмаған окушылар мектепке женіл көлікпен, мотоциклмен (**мопед**), ролик, скuterмен т.б. келуге рұқсат жоқ, қатаң тыйым салынады.
- 8.24.7.** Кәсіпорындағы тәртіп мұғалімдер мен окушылардың адами қадір қасиетті құрметтесу негізінде қолдау табады. Окушыларға қатысты қара күш және психикалық зорлық көрсету әдістерін қолдануға жол берілмейді.
- 8.24.8.** Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 442-бал Кодексінде көрсетілгендей тұнгі уақыт 22.00-ден 06.00-ге дейін ойын-сауық мекемелерінде, көшеде жүруге, қыдыруға тыйым салынады;
- 8.24.9.** Өзінің Қазақстан Республикасында тыйым салынған діндер мен діни ағымдар өкілдерімен кездесуіне, сұхбат құрына, угіт-насихат кітаптарымен парақшаларын алуына, окуына және мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуға міндетті.
- 8.24.10.** Сабак, үзіліс, сабактан тыс іс-шаралар уақытында мұғалімнің, әкімшіліктің рұқсатынсыз суретке түсіруге, бейнежазба жасауға;
- 8.24.11.** Қымбат нәрселер алыш келуге (*электронды және мобильді аппараттар, фото және бейнекамералар, бағалы заттар, қымбат ұялы телефондар, үлкен сомадагы ақша және т.б.*)
- 8.24.12.** Ережелерде көрсетілген қымбат нәрселердің жоғалғаны үшін мектеп жауап бермейді.

## **IX. ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОСАТҚАН САБАҚТАРЫН РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ**

- 9.1.** Сабакты босату келесі жағдайларда себепті болып есептеледі:
- 9.1.2.** денсаулығына байланысты;
- 9.1.3.** дәрігердің қабылдауына баратын болса (*анықтама ұсынылады*);
- 9.1.4.** заңды өкілдердің мектеп директорымен келісілген жазбаша өтініші бойынша отбасы жағдайына байланысты;
- 9.1.5.** пәндей олимпиадаларға, жарыстарға және білім беру шеңберіндегі басқа іс-шараларға қатысатын болса.
- 9.2.6.** денсаулығына байланысты сабакты босатқан жағдайда окушы бірден сынып жетекшісін хабардар етіп, сабакқа келген күні анықтаманы ұсынады.
- 9.3.7.** сабакты мектептен тыс ұйымдардың сұранысы бойынша (*спортив җарыстар, байқаулар, фестивальдер және т.б.*) босатқан жағдайда ресімдеу тәртібі төмендегідей болады:
- 9.3.8.** мектептен тыс ұйым Білім басқармасына сұраныс береді;
- 9.3.9.** қалалық білім бөлімінің бұйрығы негізінде мектеп директоры бұйрық шығарады.

## **Х.ОҚУШЫЛАРДЫ МАДАҚТАУ**

- 10.1.Оқудағы жақсы көрсеткіштері, шығармашылық табыстары, спорттағы жетістіктері, қоғамдық өмірге белсene қатытсқаны үшін оқушылар мадақталады.
- 10.2. Мадақтау түрлері:
- 10.2.1.алғыс хат жариялау;
- 10.2.2.құрмет грамотасымен, мақтау қағазымен марапаттай;
- 10.2.3. «Жыл оқушысы» атағын беру;
- 10.4.Мектеп сайтында мадақтау туралы ақпаратты жариялау.

## **XI. ОҚУШЫЛАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

- 11.1.Осы ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін оқушылар мектеп әкімшілігіне шақырылады және шешім қабылдағанда:
- 11.1.2.ата-аналарға ескертіледі;
- 11.1.3.ата-аналар мектепке шақырылады;
- 11.1.4.мектеп психологияна, медицина қызметкеріне жіберіледі;
- 11.1.5.тәртіп бұзушылық фактісі мектеп әкімшілігімен қаралады;
- 11.1.6.тәртіп бұзушылық қайталанған жағдайда білім алушылар Педагогикалық Кеңесте қаралады;
- 11.1.7.тәртіп бұзушылар мектепішілік есепке (МЕ) алынады (№398 бұйрық),қасақана тәртіп бұзушылық орын алған жағдайда іс кәмелетке толмағандарға істері жөніндегі комиссияға жіберіледі;
- 11.1.8.Мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуға міндетті.

## **XII.АТА-АНА (ЗАНДЫ ӨКІЛДЕР) ҚҰҚЫЛЫ:**

- 12.1.Балаларының құқығы мен мұddeлерін қоргауга;
- 12.2.Баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру үйымын таңдауға;
- 12.3.Кәсіпорынды басқару органдарының жұмысын ата-аналар комитеттері арқылы қатысуға;
- 12.4.Өз балаларының оку үлгеріміне, мінез-құлқына және оқуына жағдай жасалуына қатысты ақпаратты алуға;
- 12.5. Балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелрі бойынша Кәсіпорын педагогтарымен және психологтарымен ақылдасуға;
- 12.6.Мұғаліммен және кәсіпорын әкімшілігімен келісіп, сабактарға қатысуға;
- 12.7.Шарт негізінде балаларына қосымша қызметтер алғызуға құқығы бар.

## **XIII.АТА-АНАЛАР (ЗАНДЫ ӨКІЛДЕРІ) МІНДЕТТИ:**

- 13.1.Балаларға өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуға, азаматтық тұрғыда қалыптасуын қамтамасыз етуге, білімі мен тәрбие сапасын жақсартуға үлес қосуға, баланың сабактан тыс мезгілдегі тәртібін жеке жауапкершілікке алуға;
- 13.2.Олардың құқықтар мен міндеттеріне қатысты жарғы мен ішкі еңбек тәртібі ережесінің белігін орындауға;
- 13.3.Ата-аналар жиналысына қатысуға қажет болса, оқу-тәрбие үдерісі бойынша жеке педагогикалық әңгімелесу мен нақтылы педагогикалық көмек көрсету үшін әкімшілік немесе мұғалімдердің шақыруы бойынша кәсіпорынға келуге;
- 13.4. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндетті екенін мойындауға; (*Қазақстан Республикасы Конституациясының 27-бабының 2-тармақшасы*)
- 13.6.«Баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдауға, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үй мен қамтамасыз етуге» (*Қазақстан Республикасы «Баланың құқықтары туралы» Занының 24-бабының 2-тармақшасы*);
- 13.7 Балаға алкогольді ішімдіктерді, темекіні және темекі бүйымдарын сатуға және пайдалануға тыйым салуға; (*Қазақстан Республикасы «Балалар құқықтары туралы» Занының 37-бабының 2-тармақшасы*);

- 13.8. Білім беру үйімінің жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға; (*Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 49-бабының З-тармақшасы*);
- 13.9. Балаларының білім беру үйімдарында белгіленген киім ұлгісін сақтауына; (*Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 47-бабы 15-1 тармақшасы*);
- 13.10. Мектептен тыс уақытта баланың бос уақытын дұрыс үйімдастыруға, құнделікті сабактан кешіктірмей, толық қатыстыруға, сондай-ақ кешкі уақытта қараусыз қалдырмауға;
- 13.11. Күзгі, қыскы, көктемгі, жазғы демалыс құндерінде, мектептен тыс уақыттағы жол және өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігін, тәртібін құнделікті қадағалауды өз қарауына алуға, балаға толық жауапкершілікті өз мойынына алуға;
- 13.12. Баланың мектептен тыс мезгілде бейәдеп, теріс қылықтарына, өмірінің қауіпсіздігіне жеке жауапты екендігін сезінуге;
- 13.13. Осы аталған мәселелер орындалмаған жағдайда ата-аналық жауапкершілігіне және ата-аналық міндетіне лайық еместігін сезінуге;
- 13.14. Баланың кешкі сағат 22:00 ден кейін ойын-сауық орталықтарына, сағат 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерге қараусыз жібермеуге;
- 13.15. Баланың көлік жүргізуіне тыйым салуға; Баланың өз бетімен балық аулауына, су жағасына, орман алаңына баруына тыйым салуға, өмір қауіпсіздігін сақтауға;
- 13.16. Отбасындағы үл-қыздың тәрбиесіне, жыныстық тәрбиесіне (*әсіресе қызы бала тәрбиесіне*) қатты көңіл бөлуге;
- 13.17. Балаларының мектепте нашақорлық тұрғыдағы заттарды (*темекі, насыбай, есірткі заттар*) әкелуіне, пайдалануына, өзге азаматтарға, оның ішінде тәрбие алушыларға насиҳаттауына жол бермеуге;
- 13.18. Балаларының мектепке өткір, үшкір, сұық қаруларды (*пышақ, қанжар, костет т.б.*) ату *құралдарын (мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б.)* әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;
- 13.19. Балаларының мектеп ішінде үлт-аралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғауына, езгелерді кемсітуіне жол бермеуге;
- 13.20. Балаларының мектепке аса құнды әшекей заттар мен бүйімдарды (*сақина, сырға, білезік, моншақ т.б.*) әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;
- 13.21. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қантардағы №26 «Орта білім беру үйімдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарына» сай мектеп формасын қадағалап, киіндіріп жіберуге;
- 13.22. Мектеп формасына түрлі діни конфесияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды, соның ішінде бас киімге қатысты діни атриуттарды (крест, хиджаб, никаб, паранжа, чадра, ермолка, орамал, тюрбан, иудей-кипа бас киімдері, бурка және т.б.) киуге болмайды.
- 13.23. Оқушының сабакта қатысуын қамтамасыз етуге, себепті жағдайда растайтын құжаттарды ұсынуға. Сабакты босатқан жағдайда оқушының бағдарлама материалын менгеруіне жағдай жасауға;
- 13.24. Ата-аналар жиналысына қатысуға және тоқсан сайын оқушының ұлгерімі туралы табельге қол қоюға;
- 13.25. Сынып жетекшісімен байланыста болуға, апта сайын баланың құнделігін тексеруге және соның дәлелі ретінде қол қоюға. Педагогтармен электронды пошта, ұялы байланыс арқылы хабарласқан жағдайда оқушыға қатысты ақпарат алғандығы туралы жауап қайтаруға;
- 13.26. Мектептің медициналық кабинетіне алдын-ала егуден бас тарту туралы жазбаша өтініш беруге;
- 13.27. Мектептің беделін түсірмеуге;
- 13.28. Педагогтар мен басқа қызметкерлерді құрметтеуге;
- 13.29. Оқушы тарарапынан мектепке, мектеп қауымдастырының мүшелеріне, басқа да жеке және занды тұлғаларға келтірілген шығын орнын толтыруға;
- 13.30. Мектеп маңында жол жүру ережелерін сақтау, мектеп аумағында көлікті қоймауға;
- 13.31. Егер оқушы орташа немесе ауыр тәртіп бұзушылық жасаса, жәбірленушіден ауызша немесе жазбаша түрде кешірім сұрауға.
- 13.32. Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережесіне бағынуға міндетті.

#### **XIV.ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҮЙЫМДАСТАСЫРУ**

- 14.1.** Мектеп әкімшілігінің, педагог қызметкерлердің оқушылардың заңды өкілдерімен қарым-қатынасты үйымдастыру міндеттері:
- 14.1.1.** мектептің өзі-өзі басқару органдары (ата-аналар комитеті) арқылы заңды өкілдерді білім беру үрдісіне тарту;
- 14.1.2.** заңды өкілдерді отбасылық тәрбие мектебі, кеңес беру, дәрістер өткізу арқылы хабардар ету;
- 14.1.3.** заңды өкілдердің кәсіби және жеке тәжірибесін білім беру үрдісінде пайдалану;
- 14.1.4.** заңды өкілдердің мерекелік, спорттық, кәсіби бейімдеу іс-шараларына қатыстыру арқылы белсенділігін қалыптастыру.
- 14.2.** мектеп әкімшілігінің, педагог қызметкерлердің заңды өкілдермен қарым-қатынасты үйымдастыру мыналарды көздейді:
- 14.2.1.** отбасының бала тәрбиелеудегі мүмкіндіктерін анықтау;
- 14.2.2.** заңды өкілдерге бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты жақсарту мәселелері бойынша кеңес беру.
- 14.3.** мектеп әкімшілігі, педагог қызметкерлер заңды өкілдерді хабардар етуге міндетті:
- 14.3.1.** баланың тәртібі туралы және оның тәртібін түзету мақсатында бірлесіп қажетті шараларды қолдануға;
- 14.3.2.** ата-аналарға мектепте және оның аумағында орнатылған бейнекамералардың жазбасы берілмейді.